«8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Жорабек Жұлдыз Гайфуркызының
«Постисламизм: саяси ислам эволюциясы» тақырыбындағы диссертация жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен «Елдің зияткерлік әлеуеті» сәйкес келеді:
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы. Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына сай келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Диссертацияның ғылыми маңыздылығы оның саяси исламды тек діни немесе саяси құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар өзгермелі әлеуметтік, мәдени жүйе ретінде қарастыруында. Мұндай тәсіл исламизмнің қазіргі трансформациясын дәстүрлі

			радикализм немесе саяси белсенділік шеңберінен тыс түсіндіруге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері постисламизмнің теориялық моделін нақтылауға, исламизмнің эволюциялық кезеңдерін жүйелеуге және қазіргі ислам әлеміндегі діни-саяси өзгерістердің негізгі тенденцияларын анықтауға ықпал етеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Қорғауға ұсынылған диссертацияның қолжазбасы ізденушінің ғылыми ойлау мәдениетінің жоғары деңгейін, зерттеу материалын жүйелі баяндау қабілетін және өзіндік ғылыми стилінің қалыптасқанын айқын көрсетеді. Жұмыстың тілдік құрылымы, ғылыми пайымдаулары мен қорытындыларының бірізділігі автордың зерттеу мәселесіне қатысты дербес ғылыми ұстанымы мен өзіндік көзқарасын танытады. Диссертацияның ғылыми тілі автордың зерттеу саласының теориялық-әдіснамалық негіздерін, негізгі категориялық аппаратын және ұғымдық жүйесін терең меңгергенін көрсетеді. Сонымен қатар зерттеуде ғылыми деректерді сыни тұрғыдан талдау, оларды салыстыра бағалау, жинақтау және негізделген ғылыми қорытындылар жасау қабілеті айқын байқалады. Ізденуші зерттеу тақырыбына қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге кешенді талдау жүргізіп, ғылыми көзқарастарды өзара салыстыра отырып, зерттеу нысаны тұрғысынан саралаған. Ғылыми еңбектерді жүйелі сараптау нәтижесінде алынған тұжырымдар диссертацияның теориялық тұжырымдарын негіздеуге тиімді пайдаланылып, авторлық ғылыми қорытындылардың дәлелділігін қамтамасыз еткен.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі жеткілікті негізделген. Біріншіден, тақырыптың уақытылы таңдалуы көрсетілген. Саяси исламның қазіргі трансформациясы, постисламизмнің қалыптасуы және жаһандану жағдайындағы өзгерістердің өзектілігі нақты берілген. Екіншіден, ғылыми мәселе анықталып тұр.

			«Исламизм эволюциясы жүріп жатыр, бірақ оның табиғаты мен бағыттары жеткілікті зерттелмеген» деген ой зерттеу проблемасын айқындайды. Үшіншіден, постисламизм ұғымының пайда болу себебі түсіндірілген. Яғни зерттеу тек исламизмді емес, оның жаңа сапалық кезеңін қарастыратыны анық байқалады. Соңында зерттеудің практикалық маңызына назар аударады. Мұсылман әлеміндегі саяси режимдер мен қоғамдық трансформацияларды түсіндірудегі рөлі дұрыс негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның тақырыбы зерттеу тақырыбының мазмұны мен логикасына толық сәйкес келеді және қойылған мақсат пен міндеттердің жүйелі түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Бірінші тарауда қазіргі исламизм идеологиясының теориялық негіздері, ұғымдық аппараты, идеологиялық құрылымы, тарихи қалыптасу кезеңдері және оның ішкі және сыртқы трансформациясына ықпал еткен факторлар талданады. Бұл тарау саяси ислам феноменінің пайда болуы мен эволюциясын ашып көрсету арқылы постисламизмнің қалыптасу алғышарттарын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге негіз қалайды. Екінші тарау диссертацияның негізгі ғылыми мәселесіне арналған. Онда исламизмнен постисламизмге өтудің әлеуметтік-саяси және идеологиялық алғышарттары сараланып, «постисламизм» ұғымының ғылыми айналымға ену тарихы, әртүрлі теориялық интерпретациялары, сондай-ақ оның идеологиялық және институционалдық ерекшеліктері жан-жақты талданады. Осы бөлімде постисламизмнің саяси ислам эволюциясының жаңа кезеңі ретіндегі мазмұны мен ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан негізделеді. Үшінші тарауда постисламизмнің қазіргі даму үрдістері қарастырылып, жаһандану жағдайындағы трансформациялық үдерістер, цифрлық коммуникациялардың діни сана мен исламдық бірегейлікке ықпалы, сондай-ақ нақты аймақтық тәжірибелер негізінде постисламизмнің практикалық

			көріністері зерттеледі. Бұл тарау теориялық тұжырымдарды қазіргі қоғамдық-саяси процестермен сабақтастырып, зерттеу нәтижелерінің қолданбалы маңызын айқындайды.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен зерттеу міндеттері жұмыстың тақырыбына толық сәйкес келеді және оның мазмұнын жүйелі түрде ашуға бағытталған. Зерттеудің негізгі мақсаты – постисламизм феноменін саяси ислам эволюциясының жаңа кезеңі ретінде кешенді талдау, оның қалыптасу алғышарттарын, теориялық негіздерін, ерекшеліктерін және қазіргі діни-саяси үдерістердегі орнын айқындау болып табылады. Алға қойылған зерттеу міндеттері аталған мақсатты кезең-кезеңімен жүзеге асыруға құрылған және зерттеу логикасымен толық үйлеседі.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыс 3 тараудан, тоғыз бөлімшеден тұрады. Диссертацияның құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді және барлық бөлімдері өзара логикалық сабақтастықта құрылған. Жұмыста мәселені қарастыру жалпы теориялық негіздерден басталып, саяси исламның эволюциясы мен постисламизмнің қалыптасуын ғылыми тұрғыдан талдауға, одан әрі қазіргі постисламистік үдерістер мен олардың когнитивтік трансформациясын зерттеуге ұласады. Әрбір тарау алдыңғы бөлімнің ғылыми қорытындыларын жалғастырып, келесі тараудың теориялық негізін қалыптастырады. Нәтижесінде диссертацияның барлық құрылымдық элементтері зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға, қойылған мақсат пен міндеттерді толық жүзеге асыруға бағытталған тұтас әрі бірізді ғылыми жүйені құрайды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертацияда автор шетелдік, қазақстандық және ресейлік ғылыми әдебиеттерге жан-жақты шолу жасап, постисламизм, саяси ислам және олардың қазіргі трансформациясына қатысты негізгі теориялық бағыттарды жүйелеген. Әсіресе А. Баят, О.

		1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	Рой, Ф. Бургат, Ж. Кепель және басқа да жетекші зерттеушілердің еңбектері салыстырмалы тұрғыдан талданып, олардың ғылыми тұжырымдары зерттеу мәселесін негіздеуде тиімді пайдаланылған. Сонымен қатар қазақстандық ғалымдардың исламтану және саяси ислам мәселелеріне арналған еңбектері сараланып, олардың ғылыми үлесі айқындалған. Автор зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді сипаттап баяндаумен шектелмей, қазіргі зерттеулердегі шешілмеген мәселелерді анықтап, постисламизмнің өңірлік ерекшеліктері мен когнитивтік трансформациясын кешенді зерттеу қажеттілігін негіздейді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).	Бұл диссертациядағы ғылыми нәтижелердің басым бөлігі бұрынғы теорияларды жинақтау, салыстырумен шектелмей жаңа контексте теориялық тұжырымдарды қазіргі қоғамдық-саяси процестермен сабақтастырған және пәнаралық тұрғыдан дамытылған. Диссертациядағы ғылыми жаңалық негізінен мына аспектілерде көрінеді: - постисламизм феноменін саяси ислам эволюциясының жаңа кезеңі ретінде кешенді талдау жасап қазақстандық ғылыми кеңістікте ғылыми айналымға енгізуінде; - постисламизмді әртүрлі өңірлер мысалында, соның ішінде Иран мен Түркия модельдерін бір эволюциялық концепция аясында салыстырмалы талдау жасалады; - саяси исламның эволюциясын, постисламизмнің қалыптасуындағы заманауи өзгерістерін ғылыми тұрғыдан талдай отырып қазіргі постисламистік үдерістер мен олардың когнитивтік трансформациясы зерделенген; - цифрлық постисламизм мен когнитивтік трансформацияны бір зерттеу шеңберінде байланыстырылады;

			- Қазақстан жағдайындағы постисламизмнің «жұмсақ моделі» туралы авторлық тұжырым ұсынылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? **1**) <u>толығымен жаңа</u>; <u>2)</u> жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).	Жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындылары жаңа болып табылады. Диссертацияда ұсынылған ғылыми нәтижелер автордың постисламизмнің өңірлік модельдерін, цифрлық трансформациясын және Қазақстандағы постисламизмнің ерекшеліктерін кешенді талдауына негізделген. Автор саяси ислам эволюциясын салыстырмалы және пәнаралық тұрғыдан зерделеп, Қазақстан жағдайындағы постисламизмнің «жұмсақ» және «секулярлы-бейімделген» моделіне қатысты өзіндік ғылыми тұжырымдар ұсынады. Сонымен қатар зерттеудің теориялық негіздері халықаралық ғылымда қалыптасқан постисламизм тұжырымдамаларына сүйеніп, Қазақстанда аталған мәселені алғаш ғылыми айналымға енгізуіне байланысты диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қорытындыларын **жаңа** деп бағалауға болады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).	Диссертациялық жұмыс әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша орындалғандықтан, зерттеуде техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық сипаттағы шешімдер әзірлеу көзделмеген. Автордың ғылыми жаңалығы саяси исламның эволюциясын, постисламизм феноменінің теориялық негіздерін, аймақтық ерекшеліктерін және қазіргі діни-саяси үдерістердегі көріністерін кешенді ғылыми талдау мен жаңа тұжырымдамалық пайымдаулар ұсынуынан көрінеді. Сондықтан аталған критерий бойынша техникалық немесе технологиялық шешімдердің жаңалығын бағалау бұл диссертацияның зерттеу нысаны мен ғылыми бағытына қолданылмайды. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер исламтануға қатысты әртүрлі зерттеулерде ғылыми білім ресурсы ретінде қажеттігі жұмыстың қолданбалы маңызын дәлелдейді.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitive research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертация жұмысының әр тарауының аяғында қомақты қорытындылар жасалған және тараушалардың бөлімдерінің соңында да талдаулар негізінде ғылыми тұжырымдар берілген. Барлық қорытындылардың ғылыми дәлелдері жеткілікті негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ.	7.1 Негізгі қағидаттар **толық дәлелденген.** Ізденіс ауқымында автор тарапынан 6 қағидат айқындалған және олар зерттеудің нәтижесімен бірлікте тұтасқан. 7.2 Әр қағидат **тривиалды емес** саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырған. 7.3 **Мейлінше жаңа.** Автордың тақырыпқа қатысты ұсынған барлық қағидаттары бұрын ғылымда айтылмаған мәселелерге арналған. Барлық жұмыс нәтижелері жаңалығымен ерекшеленеді. Әсіресе 5 және 6 қағидаттар автордың өзіндік концепциясын білдіреді. Сондықтан бұл берілген тұжырымдарды ерекше атап өтуге болады. 7.4 **Қолдану деңгейі кең.** Диссертацияның 1– 4 қағидаттарын саяси ислам, постисламизм және жаһандану мәселелерін зерттеуде теориялық негіздер, дінтану және исламтану саласында қатысты фундаменталды білімін кеңейту мақсатында лекциялық курстарға теориялық материалдар ретінде халықаралық деңгейде қолдануға болады. Диссертацияның 5 – 6 қағидаттары негізінен Қазақстан мен посткеңестік кеңістікке қатысты болғандықтан ғылыми нәтижелерін әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында, дін саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылады. 7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 8 ғылыми мақала жарияланған. 2 мақала Scopus мәліметтер базасында индекстелген ғылыми журналда, 2

			мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 3 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарының жинақтарында жарияланды, оның ішінде 1 мақала шетелдік ғылыми жинақта жарық көрді. Жарияланған мақалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сай келеді.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Жұмыста қолданылған әдіснама нақты, дәлелді. Ізденуші зерттеудің теориялық негізін дінтануда қолданыс тауып жүрген дәстүрлі әдіснамалық негіздерді қолданған. Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі постисламизм құбылысын саяси исламның эволюциялық кезеңі ретінде кешенді талдауға мүмкіндік беретін пәнаралық ғылыми тәсілдерге сүйенеді. Зерттеу тақырыбының ерекшелігі постисламизмнің бір мезгілде саяси, діни, әлеуметтік және мәдени құбылыс болуымен сипатталатындықтан, оны бір ғана әдіс аясында қарастыру жеткіліксіз. Осыған байланысты зерттеуде тарихи, салыстырмалы-саяси, әлеуметтанулық, жүйелік және контент-талдау әдістерінің өзара толықтырушы мүмкіндіктері пайдаланылғандығы байқалады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Иә. Диссертациялық зерттеудің нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістері мен ақпараттық-компьютерлік технологияларды кешенді пайдалану арқылы алынған. Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық материалдарды жүйелеу, салыстыру, жіктеу, талдау және интерпретациялау үшін заманауи цифрлық технологиялар қолданылған. Ғылыми деректерді өңдеу барысында электрондық ғылыми дерекқорлар (Scopus, Web of Science, Google Scholar және басқа да ашық ғылыми ресурстар), цифрлық кітапханалар, ресми мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың материалдары, сондай-ақ исламдық саяси қозғалыстардың бағдарламалық

			құжаттары, ресми сайттары мен цифрлық платформаларындағы жарияланымдары пайдаланылған. Алынған мәліметтер электрондық кестелер мен мәтіндік деректерді жүйелеуге арналған компьютерлік бағдарламалар арқылы құрылымдалып, салыстырмалы талдау жүргізілген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияда жасалған теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эмпирикалық материалдарды кешенді талдау нәтижелерімен расталды. Контент-талдау, салыстырмалы-саяси талдау және кейстік зерттеу әдістері арқылы алынған нәтижелер теориялық тұжырымдардың ғылыми негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда шетелдік және отандық авторлардың еңбектері кеңінен қолданылған. Жалпы жұмыста айтылған әр мәселе бойынша авторлаға сілтеме берлген және де олардың барлығы мазмұндарына сәкес нақтыланған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Жұмыста 115 ғылыми әдебиетке сілтеме жасалған. Барлық еңбек тақырыпта көтерілген мәселелерге арналған. Ізденуші тақырыптың зерттелу деңгейін әр сала бойынша шетелдік авторларға басымдық беру арқылы толық негіздеген.
9.	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы саяси исламның эволюциялық даму логикасын «исламизм – постисламизм» парадигмасы аясында кешенді ғылыми тұрғыдан зерттеумен айқындалады. Зерттеу барысында «постисламизм» ұғымының теориялық негіздері нақтыланып, оның қалыптасу алғышарттары, идеологиялық ерекшеліктері, институционалдық өзгерістері және қазіргі жаһандану мен

			цифрлану жағдайындағы даму үрдістері дінтану және саясаттану ғылымдарының әдіснамасы негізінде талданды. Диссертация нәтижелері саяси исламның трансформациясын түсіндіретін теориялық көзқарастарды толықтырып, постисламизмнің қазіргі мұсылман қоғамдарындағы орны мен даму заңдылықтарын ғылыми тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу қорытындылары қазіргі исламдық қозғалыстардың эволюциясын, діни бірегейліктің өзгеруін және цифрлық кеңістіктегі діни дискурстың трансформациясына арналған ғылыми зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негізі ретінде пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы исламтану ғылымында постисламизм феноменін кешенді қарастыруға үлес қосып, саяси исламның қазіргі даму үрдістерін түсіндіруге бағытталған ғылыми тұжырымдамаларды толықтырады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы зерттеу нәтижелерін исламтану, дінтану, саясаттану және ұлттық қауіпсіздік салаларындағы ғылыми-сараптамалық, білім беру және ақпараттық-талдау қызметінде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Диссертация нәтижелері жоғары оқу орындарының «Исламтану», «Дінтану», «Саясаттану», «Халықаралық қатынастар» және «Аймақтану» білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын пәндердің мазмұнын жетілдіруде, оқу-әдістемелік құралдар мен арнайы курстар әзірлеуде қолдануға жарамды. Сонымен қатар зерттеу материалдарын мемлекеттік органдардың, ақпараттық-түсіндіру топтарының және ғылыми-зерттеу орталықтарының дін саласындағы талдау, мониторинг және сараптамалық жұмыстарында, сондай-ақ діни экстремизмнің алдын алу мен діни сауаттылықты арттыруға бағытталған ақпараттық-насихаттық қызметте пайдалану мүмкіндігі жоғары.

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).	Иә, практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады, өйткені олар алғаш рет постисламизмнің қазіргі эволюциялық ерекшеліктерін, цифрлық постисламизм феноменін және Қазақстандағы «секулярлы-бейімделген», «жоғарыдан реттелген» постисламизм моделін ескере отырып әзірленген. Ұсыныстар діни саясатты жетілдіруде, дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруда, цифрлық діни кеңістікті талдауда, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дінтану пәндерінің мазмұнын жаңартуда қолдануға бағытталған. Олар бұрынғы зерттеулердегі жалпы сипаттағы ұсынымдардан ерекшеленіп, постисламизмнің қазіргі трансформациялық ерекшеліктеріне негізделген қолданбалы шешімдерді ұсынады.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы талапқа сай, Мәтіннің ғылыми стилі сақталған, терминологиясы дұрыс қолданылған. Диссертация мазмұнының логикасы мен құрылымы талапқа сай.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыс, жоғарыда атап өтілгендей, ішкі логикалық байланыста, ғылыми тұжырымдамалары мен қорытындылары дәйекті негізделген ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады, дегенмен кейбір ескертулер де бар: - диссертацияда әдіснаманы сипаттау жеткіліксіз, оны зерттеу мақсаты, нысаны және тарауларымен байланыстырып негіздеу қажет. Яғни әрбір әдістің қандай ғылыми міндетті шешетіні нақты көрсетілуі тиіс; - диссертацияның кейбір жерлерінде стилистикалық қателіктер де орын алған. Дегенмен, аталған кемшіліктер жалпы диссертациялық жұмыстың маңыздылығына әсер етпейді.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		1. Жорабек Ж. Г., Байтенова Н., Абжалов С., Алимханова А., Байгараев Ж., Кенжеев О., Куранбек А. Digital Post Islamism and the Cognitive Transformation of Islamic Belief: A Comparative Study // Pharos Journal of Theology. – 2025. – Vol. 106, № 5. – P. 1-6. 2. Сакбаева А., Байтенова Н., Зейнуллин Р., Әлімханова Ә., Жорабек Ж. Г. Socio-psychological portrait of muslim women who joined radical religious organizations // Occasional Papers on Religion in Eastern Europe. – 2026. – Vol. 46, № 5. – P. 1-9. 3. Байтенова Н., Жорабек Ж. Г. Исламизм, негізгі даму кезеңдері: дінтанулық дискурс // Вестник КазНУ. Серия Религиоведение. – 2023. – Т. 33, № 1. – С. 3-11. DOI: https://doi.org/10.26577//EJRS.2023.v33.i1.r1 4. Байтенова Н., Жорабек Ж. Г. Саяси исламизм: исламизмнен постисламизмге // Адам әлемі. – 2024. – № 1 (99). – С. 143-150. DOI: https://doi.org/10.48010/aa.v99i1.444 5. Жорабек Ж. Г., Байтенова Н. Мұсылман қоғамдастығындағы исламизмнің орны мен ролі // II. Uluslararası Oğuz Boyları Sempozyumu (25-26 Ekim 2022). – Kayseri, 2022. – С. 330-337. 6. Байтенова Н., Жорабек Ж. Г. Постисламизм – «саяси ислам» шеңберіндегі жаңа идеология // «Қожа Ахмет Ясауи және Юнус Эмре арасындағы сабақтастық» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Түркістан, 2021. – С. 185-189. 7. Байтенова Н., Жорабек Ж. Г. Постисламизм ерекшеліктері мен даму тарихына талдау // «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференция жинағы. – Алматы, 2023. – С. 346-351. 8. Озкан А. Р., Байтенова Н., Жорабек Ж. Г. Kazakistan'da Tasavvuf ve İslam Sonrası Dönemde Tezahürleri / Sufism in Kazakhstan and its Manifestations in the Post-Islamic Period // Journal of Islamic Research. – 2024. – Vol. 35, № 1. – P. 81-91

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ережесінің 28 тармағына сәйкес)		«8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жорабек Жұлдыз Гайфуркызының «Постисламизм: саяси ислам эволюциясы» атты диссертация жұмысы өзекті тақырыбы, айқын мақсат-міндеттері, толымды ғылыми жаңалығы, маңызды теориялық іргетасы, дәйекті зерттеу нәтижелерімен ғылыми жұмыс талаптарына сай келеді. Осыны негізге ала отырып, Жорабек Жұлдыз Гайфуркызы «8D02204 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:
Филология ғылымдарының докторы, профессор,
Нұр-Мүбарак университетінде Халықаралық
ғылыми зерттеу және инновация орталығының жетекшісі **Керім Шамшәдин Тұрсынұлы**

НҰР-МҮБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ • EGYPTIAN UNIVERSITY OF ISLAMIC CULTURE NUR-MUBARAK •
Кадрларды басқару бөлімі

Керім Ш. Т қолын растайымын
подпись заверяю
Дүйсенова М. кадр бөлімі отдел кадров